

	«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ "ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ" КЕАҚ		
	ЖБТ терапиялық емдеу бағдарламаларының профильді	Хаттама	Редакция: 1
			Бет 1

ХАТТАМА ОӘБ ЖБТ КОМИТЕТІНІҢ ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ-ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Селектор 15.04.2026 жылғы №18 хаттама

ЖБТ төрайымы: Тайжанова Дана Жумағалиевна

ЖБТ төрайымының орынбасары: Тойнбекова Рахима Жаксылыковна

ЖБТ хатшысы: Бодаубай Роза Бодаубаевна

Мамандықтар бойынша комитеттердің төрағалары қатысты:

Аллергология және иммунология Испаева Жанат Бахитовна

Гастроэнтерология ересектер Ларюшина Елена Михайловна

Гематология ересектер Тургунова Людмила Геннадьевна

Дерматовенерология Батпеннова Гульнар Рыскельдыевна

Жұқпалы аурулар Ким Антонина Аркадьевна

Кардиология ересектер Тайжанова Дана Жумағалиевна

Еңбек медицинасы (Кәсіптік патология) Аманбекова Айгуль Укеновна

Неврология Григолашвили Марина Арчиловна

Нефрология ересектер Бачева Ирина Викторовна

Отбасылық медицина Абугалиева Тлеужан Оразалиевна

Психиатрия Любченко Марина Юрьевна

Пульмонология Ибраева Лязат Катаевна

Ревматология ересектер Алина Асел Разаккызы

Терапия Тойынбекова Рахима Жаксылыковна

Фтизиатрия Тәбриз Нұрлан Сүлейменұлы

Эндокринология ересектер Молотов-Лучанский Вилен Борисович

Клиникалық фармакология Калиева Шолпан Сабатаевна

Физикалық медицина және оңалту, спорттық медицина, дәстүрлі медицина Шевелева

Наиля Игоревна

Клиникалық диетология Сулейменова Динара Сагындыковна

Функционалды диагностика Абилямажинова Гузьяль Дуйсембековна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Гериатрия» мамандығы бойынша сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын қарау және талқылау.
2. «Ультрадыбыстық диагностика» мамандығы бойынша сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын қарау және талқылау.

Бірінші мәселе бойынша

Білім беру бағдарламасын әзірлеушілердің өкілі «Гериатрия» сертификаттау курсының

бағдарламасын таныстырды, бағдарлама «С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ-мен әзірленген (**ҚОСЫМША 2**).

Баяндама барысында атап өтілді:

- бағдарлама «Терапия» мамандығы бойынша дәрігерлерге арналған, кейіннен гериатрия саласында мамандану мүмкіндігімен;
- біліктілік деңгейі — ҰБШ 7–8;
- бағдарламаның көлемі — 10 кредит (300 академиялық сағат);
- оқыту форматы — аралас (онлайн/офлайн), бұл білім беру үдерісінің икемділігін қамтамасыз етеді;
- бағдарлама егде және қарт жастағы пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсете алатын дәрігер-гериатрды даярлауға бағытталған;
- бағдарлама мазмұны негізгі бағыттарды қамтиды: геронтология, гериатрия, паллиативтік көмек, кешенді гериатриялық бағалау, когнитивтік бұзылыстары, қарттық астениясы және созылмалы аурулары бар пациенттерді жүргізу;
- пәнаралық тәсілге, дәлелді медицинаға және ұзақ мерзімді күтімді ұйымдастыруға ерекше назар аударылған.

ТАЛҚЫЛАУ:

Талқылау барысында қатысушылар келесіні атап өтті:

Тайжанова Дана Жумгалиевна – нормативтік талаптарды сақтаудың маңыздылығын, гериатр-дәрігердің құзыреттерін нақты тұжырымдау және бағдарламаның мамандарды сертификаттау жүйесіне сәйкестігін атап өтті.

Абильмажинова Гузаль Дүйсембековна – практикалық дайындықты күшейту, клиникалық хаттамаларды енгізу және құзыреттерді бағалауды негізінен практикалық дағдылар арқылы жүргізу қажеттігін атап өтті.

Мансурова Джамилия – пәнаралық тәсілдің (терапия, кардиология, неврология) маңыздылығын және оқытудың клиникалық бағыттылығын күшейту қажеттігін атап өтті.

Сатыбалдиева Үміт Абулхаировна – практикалық-бағдарланған оқытудың маңыздылығын және біліктілік талаптарына сәйкестігін атап өтті.

Шевелева Наиля Игоревна – бағдарламаның кәсіби стандарттарға сәйкестігіне және мамандарды дұрыс сертификаттаудың қажеттілігіне назар аударды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. «Гериатрия» бағдарламасы (ҚОСЫМША 1) ескертулерді ескере отырып, доработкамен мақұлданын.
2. Келесі бағыттар оңтайландырылсын:
 - о практикалық дайындық;
 - о полипрагмазия және мультиморбидтілік мәселелері;
 - о паллиативтік көмек.
3. Мамандықтар атауына қосымша «Жалпы дәрігерлік практика» енгізілсін, «Гериатрия» сертификаттау курсы аясында мамандану мүмкіндігімен.
4. Толықтырулар мен ұсыныстар енгізілгеннен кейін бекітуге ұсынылсын.

Екінші мәселе бойынша:

Төраға Тайжанова Д.Ж. медициналық университет базасында әзірленген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес келетін «Ультрадыбыстық диагностика» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын талқылауға ұсынды (ҚОСЫМША 1).

Баяндамада атап өтілді:

- бағдарлама ҰБШ 7 деңгейіндегі ультрадыбыстық диагностика дәрігерін даярлауға бағытталған;
- жалпы еңбек сыйымдылығы — 48 кредит (1440 академиялық сағат);
- оқыту клиникалық базаларда күндізгі түрде жүргізіледі;
- бағдарлама модульдік құрылымды қамтиды және ультрадыбыстық диагностиканың негізгі бағыттарын (абдоминалдық, урологиялық, гинекологиялық, кардиологиялық, педиатриялық, пренаталдық диагностика және т.б.) қамтиды;
- практикалық дағдыларды, клиникалық ойлауды және зерттеу нәтижелерін интерпретациялауды қалыптастыруға бағытталған;
- қорытынды аттестаттау практикалық дағдылар мен теориялық білімді бағалауды қамтиды.

ТАЛҚЫЛАУ:

Қатысушылар келесі ұсыныстар мен пікірлерді білдірді:

Тайжанова Дана Жұмағалиевна – бағдарламаның нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестігін, біліктілік сипаттамаларын дұрыс анықтауды, модульдердің мазмұнын радиологияның заманауи стандарттарымен үйлестіруді және бағдарламаның логикалық құрылымын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, бағдарлама қандай мамандықтарға бағытталғанын нақтылау қажеттігіне назар аударды.

Абильмажинова Гузьяль Дүйсембековна – практикалық-бағдарланған құрамдас бөлікті күшейтіп, практикалық сабақтардың үлесін жалпы көлемнің 70%-на дейін арттыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ ультрадыбыстық диагностика дәрігерінің құзыреттерін шектес мамандықтардан нақты ажырату қажеттігін көрсетті.

Мансурова Джамилия – ультрадыбыстық және функционалдық диагностика арасындағы құзыреттерді ажырату қажеттігін, пәнаралық өзара әрекеттесудің маңыздылығын атап өтті және клиникалық кейстер енгізу арқылы бағдарламаның клиникалық бағыттылығын күшейтуді ұсынды.

Трофимова Светлана – білім беру бағдарламасының атауын және берілетін біліктілікті біріздендіру, нормативтік талаптарды сақтау және құжаттамадағы тұжырымдардың дұрыстығын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Сатыбалдиева Үміт Абулхаировна – ультрадыбыстық диагностика дәрігерінің кәсіби құзыреттерінің шекарасын нақты анықтау, бағдарламаны сертификаттау жүйесімен үйлестіру және практикалық дайындықты күшейту қажеттігін атап өтті.

Шевелева Наиля Игоревна – бағдарламаның кәсіби стандарттарға сәйкестігін және мамандарды сертификаттауға жіберудің дұрыстығын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Испаева Жанат Бахитовна – диагностика түрлерін нақты ажырату, біліктілік талаптарын нақтылау және әртүрлі мамандықтардың құзыреттерін қайталамау қажеттігін атап өтті.

Григолашвили Марина Арчиловна – бағдарламаның сапасын арттыру, модульдерді құрылымдау, материалды беру логикасын жетілдіру және клиникалық құрамдасты күшейту қажеттігін атап өтті.

ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР:

- бағдарлама нормативтік талаптарды ескере отырып, қайта қарауды қажет етеді; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №46 бұйрығына сәйкес «Радиология» кәсіби стандарты (41-қосымша) ультрадыбыстық диагностиканы қамтиды;
- практикалық дайындықты күшейту қажет;
- құзыреттер мен мамандандыруларды нақты ажырату қажет;
- терминология мен құрылымды бірыңғай стандарттарға сәйкестендіру қажет;
- №46 бұйрықтың 28-қосымшасы («Жалпы дәрігерлік практика, отбасылық медицина») және 45-қосымшасы («Терапия») бойынша мамандық карталарында ультрадыбыстық зерттеу жүргізу дағдылары көрсетілмеген;
- бағдарламада мамандану құқығы бар мамандықтардың шектеулі тізбесі берілген, оны ҚР ДСМ-нің 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығының 7-тарауына сәйкес келісу қажет.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. «Ультрадыбыстық диагностика» сертификаттау курсының бағдарламасы (ҚОСЫМША 2) келесі бағыттар бойынша қайта қаралсын:
 - о құрылымы мен мазмұны;
 - о практикалық дайындықты оңтайландыру;
 - о кәсіби стандарттарға сәйкестігі;
 - о құзыреттерді нақты ажырату;
 - о мамандықтар бөліміне өзгерістер енгізу.
2. Қайта қараудан кейін бағдарламаны «Радиология» мамандығы үшін ғана, «Ультрадыбыстық диагностика (ересектер, балалар)» мамандануы аясында бекіту ұсынылсын.
3. Басқа мамандықтар үшін қажеттілікке қарай «Нақты мамандық профилі бойынша визуалдық және функционалдық диагностика» атауымен жеке сертификаттау курстары әзірленсін.

Төраға:



Д.Ж.Тайжанова

Хатшы:



Р.Б. Бодаубай